

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУҒА ИНСТИТУТЫ



БАСҚА ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПKE
ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН
ҮЙРЕТУ ҮШІН
«ТІЛГЕ БОЙЛАУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ



АСТАНА, 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**БАСҚА ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ҰЙЫМДАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ҮШІН
«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2025

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген

Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасы – Астана, 2025. – 84 бет.

Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері мен қазақ тілі педагогтері, ересек және мектепалды топ тәрбиешілері үшін әзірленген.

Бағдарлама ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 6 тамыздағы №7 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 жыл

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі балалық шақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өте маңызды кезең, осы кезеңде баланың танымдық процестері қарқынды дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән бірқатар психологиялық ерекшеліктер: қарқынды қабылдау мен есте сақтау қабілетінің жоғары болуы тілді табысты меңгеруге ықпал етеді.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) қарастырылған.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуге неғұрлым ерте мән беріп, қазақ тілін үйрету үшін қолайлы тілдік орта құруға, мемлекеттік тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, нәтижелер соғұрлым табысты әрі тиімді болады.

Балалардың әлеуметтік қарым-қатынасының алғашқы дағдылары айналасындағы ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Сондықтан балаларға қазақ тілін үйрету мәселесіне мектепке дейінгі ұйымның басшысынан бастап әдіскер, барлық педагогтер мен ата-аналарды тарта отырып, ықпалдастықта ұйымдастыру қажет.

Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрету уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік қабілеттерін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықты, сондай-ақ Отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастырады.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету (мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес ересек топта бір рет, мектепалды тобында аптасына екі рет) сондай-ақ күн сайын режимдік сәттерде балалар әрекетінің: қарым-қатынас, заттық, ойын, еңбек, көркем (педагогтің көркем әдебиет оқып беруі, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау), театрландырылған және дербес әрекет және басқа да әрекет түрлері арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Бағдарламаның **мақсаты** балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру.

Ересек топ (4 жастағы балалар)

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық қасиеттерді дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде режимдік сәттерде жүзеге асырылады.

Мақсаты балалардың физикалық қасиеттерін дамытуда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- күні бойы режимдік сәттерді (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәттері, қимылды, ұлттық ойындар) қазақ тілінде өткізу;
- қазақ тілінде айтылған нұсқауларды, ойын ережелерін, тапсырмаларды тындап, түсініп, оларды орындауға үйрету;
- физикалық қасиеттерді дамытуда сөздік қорды қазақ тіліндегі қарапайым сөздермен байыту.

Таңертеңгі жаттығуды орындауда қазақ тілінде айтылған нұсқауларды, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда айтылған сөз тіркестерін тындауға үйрету. Сергіту сәттерінде сөздік қорларын қазақ тіліндегі сөздермен байыту. Қимылды, ұлттық ойындардың қазақ тілінде айтылған ережелерін тындауға және оларды орындауға үйрету. Ұлттық ойындарға қажетті құралдармен таныстыру. Қазақ тілінде балаларға арналған әндерді алдымен тындап, ондағы сөздерді түсініп, әннің ырғағына сәйкес жаттығулар мен қимылдарды орындауға ынталандыру.

Күтілетін нәтижелер:

- таңертеңгі жаттығуды орындауда қазақ тілінде айтылған нұсқауларды тындайды;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда қазақ тілінде айтылған нұсқауларды орындайды;
- сергіту сәттерінде қазақ тіліндегі сөздерді қолданады;
- қимылды, ұлттық ойындар барысында ойын ережелерін түсінеді, орындайды;
- ережесін меңгерген ұлттық ойындарды құрдастарымен өзбетінше ойнайды;
- ұлттық ойындарға қажетті құралдарды таниды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде режимдік сәттерде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты әлеуметте қарапайым қарым-қатынас жасау үшін коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы қазақ тілін үйрету болып табылады.

Міндеттері:

- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуіне жағдай жасау;
- балаларды қазақ тілінде өз бетінше сөйлеуге ынталандыру;
- педагогтің қазақ тілінде айтқан сөздерін тыңдауға, қайталап айтуға мүмкіндік беру.

Күні бойы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің элементтерін қазақ тілінде өткізу ұсынылады. Коммуникативтік дағдыларды дамытуда өзара қазақ тілінде сәлемдесу, өтініш, ырзашылық білдіруге көңіл аудару. Сюжетті- рөлдік ойындар, театрландырылған әрекеттер арқылы қазақ тілінде сөйлеуін дамыту.

Тілдік дамытушы орта

Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына тілдік дамытушы орта құру: бір-бірімен күнделікті режимдік сәттерде қазақ тілінде сөйлесуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, қазақ тіліндегі кітаптарға қызығушылықты ояту арқылы өз бетінше кітаптарды қарауға, сәлемдесуге, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Қазақ тіліне тән ә, ө, і, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу және сол дыбыстармен берілген сөздерді айтуға үйрету.

Сөздік қор

Түрлі балалар әрекеттерінде сөздік минимумда берілген сөздерді айтуға үйрету. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Туыстық қатынасқа байланысты сөздермен таныстыру («әке», «ана», «ата», «әже», «аға», «апа», «іні», «бөпе»), оларды айтуға және түсінуге үйрету.

Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, қысқа тақпақтар, шағын өлеңдер жаттауға баулу.

Таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу («бар», «кел», «айт»).

Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.

Байланыстырып сөйлеу

Балалардың өздеріне айтылған сөзді түсінуін қалыптастыру, педагогтің айтқан қарапайым сөз тіркестерін әңгімелесуде қолдануға баулу. Оқылған шығармадағы сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.

Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.

Күтілетін нәтижелер:

- бір-бірімен күнделікті режимдік сәттерде қазақ тілінде сөйлеседі;
- өзіне қойылған қарапайым сұрақтарға жауап береді;
- қазақ тіліндегі кітаптарға қызығушылық танытады, өз бетінше кітаптарды қарайды;
- сәлемдеседі, өтінішін, ырзашылығын білдіреді, сыпайы сөйлеу әдебін сақтайды;
- құрдастарын есімімен толық, дұрыс атайды;
- қазақ тіліне тән ә, ө, і, ү дыбыстарын, сол дыбыстармен берілген сөздерді айтады;
- түрлі балалар әрекеттерінде сөздік минимумда берілген сөздерді қолданады;
- күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын түсінеді, айтады;
- туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («әке», «ана», «ата», «әже», «аға», «апа», «іні», «бөпе») түсінеді, айтады;
- таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдайды;
- санамақтар, қысқа тақпақтар, шағын өлеңдерді жатқа айтады;
- зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады;
- бұйрық райлы етістіктерді («бар», «кел», «айт») жекелей қолданады;
- таныс сөздер мен сөз тіркестерін айтады;
- педагогтің айтқан сөзін тыңдайды, қайталап айтады;
- ойыншықтар мен заттарды жай сөйлемдермен сипаттайды.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінің элементтері арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытуда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің элементтерін қазақ тілінде өткізу;
- танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту кезінде тәрбиеленушілердің бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуіне назар аудару.

Күні бойы, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қазақ тілінде 5-ке дейін реттік санауды үйрету. Сандарды реті бойынша атауға, «қанша?» сұрағына жауап беруге баулу, геометриялық фигураларды (дөңгелек, ұшбұрыш, шаршы) атай білуге үйрету, қазақ тілінде қысқа санамақтар жаттауға баулу. Дидактикалық және дамытушы ойындар, санамақтар арқылы қазақ тілінде сөйлеуін дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

- қазақ тілінде 5-ке дейін санайды;
- сандарды реті бойынша атайды;
- «қанша?» сұрағына жауап береді;
- геометриялық фигураларды (дөңгелек, ұшбұрыш, шаршы) біледі

және атайды;

- қазақ тілінде қысқа санамақтарды жатқа айтады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің элементтері арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің элементтерін қазақ тілінде өткізу;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда тәрбиеленушілердің бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуіне назар аудару;
- ұжымдық жұмыстарды орындату барысында сөздік қорды толықтыру.

Сурет салуда қазақ халқының тұрмыстық заттарына қызығушылықты дамыту. Сурет салуда, жапсыруда, мүсіндеуде, құрастыруда жиі қолданатын заттардың атауларын (қағаз, желім, ермексаз, қайшы, бояу, қалам) қазақ тілінде атай білуге үйрету. Қазақ халқының ұлттық аспабы домбырамен таныстыру. Қазақ тілінде балаларға арналған әндерді тыңдату, қазақ ұлттық аспаптарда ойнату, қазақ халқының би қимылдарының қарапайым элементтерін үйрету. Құрастыруда құрылыс бөлшектерін қазақ тілінде (текше, кірпіш) айта білуге баулу.

Күтілетін нәтижелер:

- сурет салуда қазақ халқының тұрмыстық заттарына қызығушылық танытады;
- сурет салуда, жапсыруда, мүсіндеуде, құрастыруда жиі қолданатын заттардың атауларын (қағаз, желім, ермексаз, қайшы, бояу, қалам) қазақ тілінде атай біледі;
- қазақ халқының ұлттық аспабы домбыраны таниды;
- қарапайым әуендерді тыңдайды;
- қазақ халқының ұлттық би қимылдарын орындайды;
- құрастыруда құрылыс бөлшектерін қазақ тілінде (текше, кірпіш) айтады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің элементтері арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттің элементтерін қазақ тілінде өткізу;
- қазақ тілінде күнделікті жиі қолданылатын заттардың атауларымен сөздік қорды толықтыру;
- қазақ тілінде сыпайы сөздерді (сәлеметсіз бе, сау болыңыз, рақмет, қайырлы таң, кешір) айтуға үйрету.

Туыстық қатынасты («әке», «ана», «ата», «әже», «аға», «апа», «іні», «бөпе») білдіретін сөздерді өз бетінше айтуға баулу. Қоршаған ортадағы заттардың қазақ тіліндегі атауларын үйрету. Күнделікті тұтынатын жемістер мен көкөністердің (алма, өрік, шие, қияр, сәбіз) және үй жануарларының (мысық, ит, қой, лақ, сиыр) атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету. Мемлекеттік рәміздерді (ту, елтаңба, әнұран) қазақ тілінде атай білуді жетілдіру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана туралы және Отан туралы шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату. Мамандықтар (аспаз, дәрігер, сатушы, тәрбиеші) туралы қазақ тілінде айтуға баулу.

Күтілетін нәтижелер:

- туыстық қатынасты («әке», «ана», «ата», «әже», «аға», «апа», «іні», «бөпе») білдіретін сөздерді өз бетінше айтады;
- қоршаған ортадағы заттардың қазақ тіліндегі атауларын біледі;
- күнделікті тұтынатын жемістер мен көкөністердің атауларын қолданады (алма, өрік, шие, қияр, сәбіз);
- үй жануарларының атауларын біледі және атайды (мысық, ит, қой, лақ, сиыр);
- Мемлекеттік рәміздерді (ту, елтаңба, әнұран) атайды;
- Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана туралы және Отан туралы шағын өлеңдерді, тақпақтарды жатқа айтады.

Мектепалды топ (5 жастағы балалар)

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық қасиеттерді дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке

ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде режимдік сәттерде жүзеге асырылады.

Мақсаты: балалардың физикалық қасиеттерін дамытуда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- балалардың қимыл белсенділігін ұйымдастыруда (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәттері, серуен, қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық жаттығулар) педагогтің нұсқауларын қазақ тілінде түсініп орындау;
- қимыл белсенділігін ұйымдастыруда балалардың сөздік қорын байыту.

Таңертеңгі жаттығулар барысында қазақ тілінде айтылған нұсқауларды орындауға үйрету, қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсініп, сақтауға

баулу. Сергіту сәтінде, серуен кезінде педагогтің қазақ тілінде берген нұсқауларын орындауға жаттықтыру. Қимылды және ұлттық ойындардың атауларын қазақ тілінде үйрету, сондай-ақ олардың ережелерін түсіну және орындау. Ұлттық ойындарға қажетті құралдарды қолдануға баулу. Іс-қимылды білдіретін сөздерді (жүр, отыр, тұр, бар, секір, жүгір, қуып жет, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, сапқа тұру) түсінуге және қимылдарды орындауға үйрету, осы сөздермен сөздік қорды толықтыру.

Күтілетін нәтижелер:

- таңертеңгі жаттығулар барысында қазақ тілінде айтылған нұсқауларды орындайды;
- қазақ тілінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсінеді және сақтайды;
- негізгі қимылдарды педагогтің қазақ тілінде берген нұсқаулары бойынша орындайды;
- қимылды, ұлттық ойындар барысында ойын ережелерін сақтайды, оларды орындайды;
- қимылды ойындар мен ұлттық ойындардың қазақ тіліндегі атауларын біледі;
- ұлттық ойындарға қажетті құралдарды қолданады;
- іс-қимылды білдіретін сөздерді (жүр, отыр, тұр, бар, секір, жүгір, қуып жет, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, сапқа тұру) түсінеді және орындайды;
- сөйлегенде әрекетті білдіретін сөздерді қолданады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамытуда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- ересектермен және құрдастарымен қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың қазақ тілінде өз бетінше сөйлеуін қолдау;
- қарапайым сұрақтарды түсініп, жауап беруге үйрету;

Күні бойы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің элементтерін қазақ тілінде өткізу. Коммуникативтік дағдыларын дамытуда белсенді сөздік қорды байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту.

Тілдік дамытушы орта

Балалардың ересектермен және құрдастарымен қазақ тілінде қарым-қатынас жасауына тілдік дамытушы орта құру: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, ұжымдық әңгімеге қатысуға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерден жай сөйлем құрастыруға үйрету.

Сөздік қор

Сөздік қорды ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарларының атауларын білдіретін зат есімдермен байыту (сөздік минимум).

Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді («ана», «әке», «ата», «әже», «аға», «апа», «іні») күнделікті қолдануға ықпал ету.

Өзінің отбасы, ата-анасының мамандықтары, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-3 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.

Байланыстырып сөйлеу

Қазақ тілінде қарым-қатынас барысында балаларды сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу.

Таныс кітаптардағы суреттерді құрдастарымен бірге қарастыру, ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге, өздігінен қайталап айтуға баулу.

Суреттердің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.

Педагогпен бірге таныс ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға,

бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда қазақ тілінен үйренген сөздерін қолдануға үйрету.

Педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтарды, тұрмыстық заттарды, жемістерді, жануарларды, төрт түлікті өздігінен сипаттау және қысқаша әңгімелеуге баулу. Бір-бірімен диалог құруға мүмкіндік беру.

Сөздік қорды дамытуда санамақтар, қысқа тақпақтар, мақал-мәтелдер, әндер жаттауға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- ересектермен және құрдастарымен қазақ тілінде қарым-қатынас жасайды;
- сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтайды;
- ұжымдық әңгімеге қатысады;
- түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіре алады;
- қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке және сөз ішінде айтады;
- қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерден жай сөйлем құрастырады;
- ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарларының атауларын білдіретін зат есімдерді қолданады;

- туыстық қатынасты білдіретін сөздерді («ана», «әке», «ата», «әже», «аға», «апа», «іні») күнделікті қолданады;
- өзінің отбасы, ата-анасының мамандықтары туралы біледі және қазақ тілінде айтады;
- отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтады;
- сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-3 сөз) қайталап айтады;
- қарапайым сұрақтарды түсінеді, оларға жауап береді;
- ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұнын түсінеді, өздігінен қайталап айтады;
- суреттердің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастырады;
- таныс ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;
- бірлескен ойындарға қатысады, онда қазақ тілінен үйренген сөздерін қолданады;
- ойыншықтарды, тұрмыстық заттарды, жемістерді, жануарларды, төрт түлікті өздігінен сипаттайды, қысқаша әңгімелейді;
- бір-бірімен диалог құрады;
- санамақтар, қысқа тақпақтар, мақал-мәтелдер, әндерді жатқа айтады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінің элементтері арқылы іске асырылады.

Мақсаты: балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытуда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің элементтерін қазақ тілінде өткізу;
- танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытуда бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуіне назар аудару;
- дидактикалық және дамытушы ойындар, санамақтар арқылы қазақ тілінде сөйлеуін дамыту.

Қазақ тілінде 10-ға дейін тура және кері санауға жаттықтыру. Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш) атай білуге үйрету.

Жиі қолданатын заттардың түстерін, пішіндерін, айлар, жыл мезгілдерін, тәулік бөліктерін («кеше», «бүгін», «ертең») қазақ тілінде атай білуге үйрету.

Заттардың орналасқан жерін (сол, оң) қазақ тілінде атай білуге үйрету. Сандарды реті бойынша атауға, «қанша?», «қайда?» сұрақтарына жауап беруге баулу.

Күтілетін нәтижелер:

- қазақ тілінде 10-ға дейін тура және кері санайды;
- геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш) атай біледі;

- жиі қолданатын заттардың түстерін, пішіндерін қазақ тілінде атайды;
- айлар, жыл мезгілдерін, тәулік бөліктерін («кеше», «бүгін», «ертең») біледі және қазақ тілінде атай алады;
- заттардың орналасқан жерін (сол, оң) қазақ тілінде атайды;
- сандарды реті бойынша атайды, «қанша?», «қайда?» сұрақтарына жауап бере алады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің элементтері арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда қазақ тілін үйренуге жағдай жасау;
- сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері барысында сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту;
- ұжымдық жұмыс барысында балалардың бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуіне ықпал ету.

Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыруда жиі қолданатын заттардың (қағаз, желім, ермексаз, қайшы, бояу, қалам), негізгі түстердің атауларын (ақ, қара, көк, жасыл, сары, қызыл) қазақ тілінде атай білуге үйрету.

Зерттеу әрекетінде жиі қолданылатын заттарды (су, құм, тас, бояу) қазақ тілінде атауға үйрету, балаларға бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуге мүмкіндік беру.

Шығармашылық дағдыларды дамыту барысында өзінің жұмыстарын қазақ тілінде әңгімелеп беруге баулу.

Балалар музыкалық аспаптарында қазақ тілінде қарапайым, таныс әндерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыруда жиі қолданатын заттардың атауларын (қағаз, желім, ермексаз, қайшы, бояу, қалам) қазақ тілінде атайды;
- негізгі түстердің қазақ тіліндегі атауларын (ақ, қара, көк, жасыл, сары, қызыл) біледі және оларды атайды;
- түрлі балалар әрекетінде бір - бірімен қазақ тілінде сөйлеседі;
- зерттеу іс-әрекеті барысында жиі қолданатын заттарды қазақ тілінде (су, құм, тас, бояу) атайды;
- шығармашылық дағдыларды дамыту барысында өзінің жұмыстарын қазақ тілінде әңгімелеп береді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда қазақ тілін үйрету балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеттің элементтері арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда қазақ тілін үйретуге жағдай жасау.

Міндеттері:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттің элементтерін қазақ тілінде өткізу;
- отбасы және отбасы мүшелері, олардың мамандықтары туралы қазақ тілінде әңгімелеуге үйрету;
- сөздік қорын қоршаған орта заттарының атауларын білдіретін қазақ тіліндегі сөздермен байыту.

Өзі және өзінің отбасы жайлы, ата-анасының мамандықтары туралы қазақ тілінде әңгімелеп беруге ынталандыру, отбасы мүшелеріне алғыс айтуды (рақмет), сыпайы сөйлеуді (сіз, кешір, өтінем) үйрету.

Қазақ тілінде «дұрыс», «дұрыс емес», «жақсы», «жаман», «болады», «болмайды» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Күнделікті тұтынатын жемістер мен көкөністердің (алма, алмұрт, өрік, шие, қияр, сәбіз, қызанақ) және үй жануарларының атауларын (мысық, ит, қой, лақ, қозы, сиыр, ешкі, жылқы) қазақ тілінде айтуға жаттықтыру.

Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана туралы және Отан туралы шағын өлеңдер, тақпақтар, мақал-мәтелдер жаттату.

Күтілетін нәтижелер:

- өзі және өзінің отбасы жайлы қазақ тілінде әңгімелеп береді;
- отбасы мүшелеріне алғыс айтады (рақмет), сыпайы сөйлейді (сіз, кешір, өтінем);
- ата-анасының мамандықтары туралы әңгімелейді;
- қазақ тілінде «дұрыс», «дұрыс емес», «жақсы», «жаман», «болады», «болмайды» сөздерінің мағынасын түсінеді;
- күнделікті тұтынатын жемістер мен көкөністердің атауларын қазақ тілінде айтады (алма, алмұрт, өрік, шие, қияр, сәбіз, қызанақ);
- үй жануарларының атауларын қазақ тілінде айтады (мысық, ит, қой, лақ, қозы, сиыр, ешкі, жылқы);
- Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана туралы және Отан туралы шағын өлеңдерді, тақпақтарды жатқа айтады.

«КӘУСАР БҰЛАҚ» ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі кезеңдегі балалар қандай тілді болсын тез үйрену қабілетіне ие. Тіл үйрену балалардың ми қызметінің, ақыл-ой қабілеттерінің жақсаруына, жаңа ақпараттар алуына, сөздік қорларын байытуға, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуіне көмек береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуге жағдай жасау, тілдік орта құру, тілді үйренуге деген қызығушылықтарын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, педагогтерге жұмыс тәжірбиесінде қажетті материалдармен көмек көрсету, тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі ұйымдастыру болып табылады.

Мемлекеттік тілді үйрету балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке баулиды.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету бағыты бойынша хрестоматия ұсыну, педагогтерге бірден-бір көмекші құралы болары сөзсіз. Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Кәусар бұлақ» хрестоматиясы әзірленді. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтардағы балаларға қазақ тілін үйрету үшін материалдар іріктелді.

Хрестоматия **мақсаты** басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда ересек, мектепалды топ балаларына қазақ тілін үйрету үшін, педагогтерге жұмыс тәжірбиесінде қажетті материалдармен қолдау көрсету.

Ұсынылған хрестоматияда балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға; шығармалардың мазмұнын түсінуге, тыңдай білуге; шағын өлеңдерді, тақпақтарды жатқа айтуға; сұрақтарға жауап беруге, өздігінен қайталап айтуға; қазақ тілінде балаларға арналған әндерді тыңдатуға, әндерді айтуға; қимылды, ұлттық ойындардың қазақ тілінде айтылған ережелерін тындауға және оларды орындауға; педагогтің қазақ тілінде берген нұсқауларын орындауға арналған өлеңдер, санамақтар, мақал-мәтелдер, әңгімелер, ертегілер, әндер, қимылды ойындар, сергіту жаттығулары, артикуляциялық жаттығулар, саусақтармен орындалатын сергіту сәттері, қимылдармен орындалатын сергіту сәттері берілген.

Берілген материалдар балалардың жатқа айтуына оңай, шағын, шығармалар мазмұны адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, қазақ тілінде сөздік қорларын молайтуға, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, коммуникативтік, физикалық қасиеттерді, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға, жетілдіруге бағытталған.

ӨЛЕҢДЕР

Әдептілік

Біз әдепті баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Үлкендерге жол беріп,
Біз ақылды боламыз.

Ер жетсек

Нан жесеңдер балалар,
Үлкен болып өсесің.
Сүт ішсеңдер, балалар,
Тезірек ер жетесің.

Жаз

Алақай, алақай,
Қуанды балақай
Жадырап жаз келді
Ойнаймыз, алақай.

Қыс

Аппақ дала, Аппақ қала,
Аппақ, аппақ, айнала.

Аққала

Қар жауғанда қуанып,
Жасадық біз аққала.
Басындағы шелегі
Өзіне шақ қана (*Ж. Қалмашева*)

Күз

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Көктем

Гүл жайнатып,
Көк пен жерді.
Құс сайратып,

Көктем келді

Жапырақ ұшты
Суық та түсті
Сонда да бізге
Қызық көп күзде

Жеп-жеңіл шанам,
Отырып алам.
Отырсын ағам,
Сынбайды шанам!
(Ж. Карбозин)

Мен жерімді сүйемін
Мен жерімді сүйемін,
Жеріме дән себемін.
Ауа таза болсын деп,
Жылда ағаш егемін.

Қаймақ
Балдан тәтті қаймақ
Жегенім жоқ айлап.
Жүрген шығар сақтап,
Апам мені ойлап.

Нан
Ерте тұрып таңнан,
Пісірді апам ақ нан.
Кетер емес әлі,
Таңдайымнан дәмі. *(Т. Еділбаев)*

Менің Отаным
Отан менің ата – анам,
Отан досым, бауырым.
Отан өлкем, астанам,
Отан туған ауылым. *(Б. Ысқақов)*

Отан

Отан туған үйіміз,
Отан туған жеріміз.
Отан ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз. *(Е.Өтетілеуұлы)*

Астана – бас қала,
Әдемі жас қала.
Бірлігі жарасқан,
Ол біздің Астана. *(Д.Сарсенбай)*

Астана

Астана – арман қала,
Бағы бір жанған қала.
Тұрады ол жап-жас болып,
Мен үлкен болғанда да. *(Т.Молдағалиев)*

Бағдаршам

Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ сөзін:
«Тоқта!
Сақтан!
Жол ашық!
Жүрме жолға таласып» *(Ә.Табылдиев)*

Балабақшам базарлы үй
Қаладағы ажарлы үй
Күлкісі бар шуақты,
Өз үйіміз сияқты

Бала-бала баламыз,
Бақшамызға барамыз,
Күні-бойы қызыққа,
Батамыз-да, қаламыз!

Күшік, мысық, балапан,
Қуыршағым балақан.
Кәне, бәрің тұрындар,
Ойын сауық құрындар.

Қуыршақ

Қуыршақ, қуыршақ,
Таза суға жуынсақ.
Қол ұстасып, дос болып,
Бақ ішінде қыдырсақ.

Апта

Жеті күнім- бір Апта:
Жету үшін мұратқа,
Апта бойы құр жатпай,
Алға қарай бір атта!

Мен гүлдерді жұлмаймын,
Торғайларды қумаймын.
Айтқан сөзін тындаймын,
Анашымды сыйлаймын.

Менің әжем

Әже деген көп шығар,
Әжемдей жоқ шығар?
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Ата

Атам менің ардақты,
Ақ батасын беретін.
Тілегі бар салмақты,
Немереге сенетін. *(Т. Таймасұлы)*

Анашым анам,
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды болам.

Қаншамыз?

Ағам бізді жинады,
Сегіз қолғап сыйлады.

Қамқор болған ағамыз,
Біздер қанша боламыз? *(С.Қалиев)*

Ең жақсы сөз

Ең жақсы сөз – Ана,
Ең жақсы сөз – Бала.
Өсіп жатса бала,
Ана оған пана. *(Н.Жанаев)*

Достар бірге жүреміз,
Бірге ойнаймыз,күлеміз.
Бірге балық аулаймыз
Міне, біздер қандаймыз!

Қорбаңдаған аю

Қорбаңдаған аюдың
Құлпынайы көп екен.
Теріп, теріп алайық,
Қалтамызға салайық.

Құстар

Құс ұясын бұзбаңдар,
Балапанын алмаңдар.
Құстар біздің досымыз,
Обалына қалмаңдар.

Жаңбыр

Бұлттар неге ауады,
Жаңбыр қашан жауады?
Шөлдеді ғой торғайлар,
Шаң басты ғой ауаны. *(Ұ.Есдәулетов)*

Ағаш егу

Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Гүл егеміз бақтарға,
Айналасын қоршаймыз.

Ақ қоян

Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Ұзын құлақ сақ қоян,
Қаша берсең орманға
«Қорқағым» деп ат қоям.

Әне отыр мысық,
Өзі сондай қызық.
Қарайды ол маған,
Бір көзін қысып...

Қарандар мынау шыршаға,
Неткен әсем көрікті.
Жаңа жылдық думанға,
Аяз ата келіпті.

Қоян

Қоян, қоян тұршы,
Беті қолыңды жушы.
Шашыңды тарашы
Айнаға қарашы.

Құлыншақ

Құлыншақ, құлыншақ,
Шапқылайсың даламен.
Дос болсайшы құлыншақ,
Мен сияқты баламен.

Кіп – кішкене, момақан
Қошақанды ұнатам.
Сүйеді апам «қозым», -деп,
Қошақаным «өзің», -деп. *(Ж.Смақов)*

Тұмсығында түймесі,
Деп тұрғандай тимеші.
Азулыдан қорғайтын,
Кірпінің көп инесі.

Түлкі деген қу ғой,
Жүрген жері шу ғой.
Жатып алып жағада,
Іздегені ду ғой.

Кірпі

Кірпі, кірпі, кірпі,
Үстің толған ине.
Бірін берсең шіркін,
Қадар едім түйме

Мысық сүтке тояды,
Қарнын сипап қояды.
Жүрісі оның баяу
Дейді, мысық мяу-мяу.

Екі аяпен жүремін,
Екі көзбен көремін.
Екі қолым бар менің,
Екеу құлақ, білемін

Қар жауды, алақай!
Жасаймын аққала.
Жып-жылы малақай,
Тоным да шақ қана

Менің шарларым

Шарларым сары,
Шарым көк.
Жарылды бәрі,
Шарым жоқ!.. *(Б.Кірісбаев)*

Сәбіз

Өсіретін бойыңды,
Өсіретін ойыңды,
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз.

Картоп

Картоп - біздің атымыз,
Жер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған
Ағайынбыз бәріміз.

Дөп - дөңгелек сары,
Ішінде бар дәні.
Қызығасың көріп,
Оның аты – өрік.

Өрік, алма, шие, алша,
Жидек, жүзім піседі.
Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз
Дүкендерге түседі.

Көкөніс

Көкөністі көп ектік,
Өссін, піссін деп ектік.
Көктемде еккен көкөкніс
Күзде берді көп өніс. *(Ғ.Өкеев)*

Бағдаршам

Абайлап жүр, бала!
Бағдаршамға қара.
Кезек-кезек жанатын,
Үш түсі бар онда.
(К. Әбділғазықызы)

Суретші

Мен сурет саламын.
Мен сурет саламын,
Салғаныма қуанып,
Өзім де таң қаламын. *(Ф.Оңғарсынова)*

Дүкеншінің әні

Көкөніс пе, жидек пе?
Кәмпит, сағыз керек пе?
Тәтті шырын, бал, қаймақ,

Салыңыздар себетке. *(Қ. Даулетиярова)*

Жапырақ

Күзде сары жапырақ,
Сарғаяды айнала.
Терезеден бақылап,
Анда-санда қой бала! *(М. Қарт)*

Қар

Қар жауды, алақай!
Ақ мамық оранды.
Қырға шық, балақай,
Сүйретіп шанаңды. *(М. Қарт)*

Қарлығаштар келді,
Қара торғай келді,
Ағам оған жем шашып,
Ұя салып берді. *(Ж.Өтегенова)*

САНАМАҚТАР

Бас бармақ,
Балан үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шөлмек,
Кішкентай бөбек!

Бір дегенім бөрік
Екі дегенім етік
Үш дегенім ішік
Төрт дегенім тымақ
Бес дегенім байпақ

Бір – екі – үш,
Қарлығаш боп ұш.
Төрт -бес – алты,
Қарлығаш боп қалқы.
Жеті – сегіз –тоғыз – он,
Қарлығаш боп қон.

Бір үйде біз нешеуміз?
Кел санайық екеуміз.
Бас бармағым - атам,
Балан үйрек - апам,
Ортан терек - әкем,
Шылдыр шүмек- анам,
Кішкентай бөбек - мен.
Біз үйде нешеуміз?
Біз үйде - бесеуміз.

Торғай мен мысық
Көзі бірден түсіп,
Деп:
«Бұл әдемі ас болмай ма?»
Қадам басты мысық.
Бір ...
Екі ...
Үш ...
-Торғай, Торғай, үш!

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.

Бір, екі, үш,
Ал, кәнеки, үш.
Төрт, бес, алты, жеті,
Мынау – ауыл шеті.
Сегіз, тоғыз, он,
Ал, кәнеки, қон.
Асықпа да саспа,
Бірден қайта баста.

Бір аптада
Бір аптаның күндері өтті:
1.Дүйсенбіде гүлдер ектім.
2.Сейсенбіде алма тердім.
3.Сәрсенбіде су әкелдім.

4. Бейсенбіде бақша баптап,
5. Жұма күні тақпақ жаттап,
6. Сенбіде мен саған бардым.
7. Жексенбіде бір демалдым.

Бір - білім ал

Бір - білім ал,
Екі - ерлік көрсет,
Үш - үлгі тұт,
Төрт - тәртіп керек,
Бес - бестік баға ал,
Алты - алғыс ал,
Жеті - жеңіс біздікі,
Сегіз - сенім керек.
Тоғыз - тоқу керек,
Он - оқу керек.

Жеті ұл

Апта деген ағайдың,
Жеті бірдей ұлы бар.
Біріншісі - Дүйсенбі,
Екіншісі - Сейсенбі,
Үшіншісі - Сәрсенбі,
Төртіншісі - Бейсенбі,
Жұма деген - бесінші ұл.
Алтыншы ұлы ол - Сенбі,
Жетіншісі - Жексенбі. *(Қ. Жұмағалиев)*

Аулада жүр балалар:
Самат, Арнат, Сашалар,
Келді және оларға Сәуле, Шолпан ойнауға.
(Аулада барлығы қанша ұл бала ойнауда?)

Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана,
Қанша болды бар бала?

Біздер санай білеміз,
Білмегенге күлеміз.

Біреу, екеу, үш, төрт деп,
Бес, алты... деп жүреміз.

Бір дегенім бесік
Екі дегенім етік
Үш дегенім үй
Төрт дегенім түйе
Бес дегенім бала
Алты дегенім алма
Жеті дегенім желім
Сегіз дегенім сенім
Тоғыз дегенім той Он дегенім ой
Онға дейін санап қой!

Бір — дегенім бірлік,
Бірге ойнадық, күлдік.
Бір үйдегі көп бала,
Бір көлікке міндік.

Жүзім жедім, Үзіп жедім.
Жіпке алтауын, Тізіп жедім.
Екеу жедім, Санандаршы, Нешеу жедім.

Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Бір, екі, үш,
Түрлі-түсті қарындашты,
Мен қолыма аламын.
Бес-ақ түсі болса-дағы,
Мен әлемді саламын.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Отан отбасынан басталады.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Ата —бәйтерек,

Бала – жапырақ.

Ананың сүті – бал,
Баланың тілі – бал.

Әкені көріп ұл өсер,
Ананы көріп қыз өсер

Бірлік бар жерде – тірлік бар

Ақыл азбайды,
Әділдік тозбайды,

Әлін білмеген әлек.

Ас атасы - нан.

Отан елдің анасы,
Ел ердің анасы.

Қыс азығын жаз жина.

Еңбек — өмірді ұзартады,
Ұят бетті қызартады.

Шын – бір сөз,
Өтірік – мың сөз.

Ат адамның қанаты,
Ас адамның қуаты.

Өле жегенше, бөле же.

Дәнді шашпа, нанды баспа.

Күш - білімде, білім - кітапта.

Ойнада күл, Оқыда біл.

Нан бар жерде ән бар

Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.

Жолдасын тастаған – жолда қалар.

Ағаш тамырымен,
Адам досымен мықты.

Денсаулық зор байлық.

Күлме досыңа-келер басыңа.

Досы көпті жау алмайды

Арпа, бидай ас екен,
Алтын, күміс тас екен.

ӘҢГІМЕЛЕР

Айтыс

Сиыр, ат, ит: қайсымызды қожамыз жақсы көреді деп айтысады.

-Әрине, мені жақсы көреді, - деп ат айтты! Мен оның соқасын, тырмасын сүйретемін, ағаш, шөбін тасимын, қожаның өзі мені мініп, қалаға және бөтен керек жерлеріне барады, мен болмасам, ол сірә өлер еді.

-Жоқ, қожа мені жақсы көреді,- деп, ит ырылдады, - мен оның барлық мүлкін сендерді де ұрыдан, қасқырдан күзетемін. Бұлардың бұлай деп тұрғанын қожасы естіп оларға айтты:

-Босқа таласпаңдар: сендердің бәрің де маған керексіңдер, әрқайсың өз орнында жақсысың.

С.Көбеев

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолда келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

— Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

— Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Ы. Алтынсарин

Алғашқы көмек

Үйде ата-аналарыңа көмектесетін болыңдар, - деді тәрбиеші апай балаларға. Тәрбиешінің бұл сөзін кішкентай Ұлтай есіне мықтап сақтап қалады. Ол балалар бақшасынан үйге келсе, әкесі жұмыстан оралған екен.

- Әке, шай қайнатып берейін бе? - деді Ұлтай.

- Жоқ, шырағым! Әлі кішкентайсың ғой, - деді әкесі.

Ол сары самауырынды алып, далаға шықты. Ұлтай үндемей үйде қала берді. Бір уақытта ол суланған шүберекті алды. Шай ішетін үстелдің үстін сұртты. Кеселерді тазалай бастады. Әкесі үйге кіріп келіп, қызының ісін көрді.

- Көп жаса, қызым! Азамат болып қалыпсың ғой өзің, - деп сүйсіне күлімсіреді.

Ж. Бұғыбаев

Атасының ақылы

-Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

-«Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

-«Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

-Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

-Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

С. Сейтенов

Құстың ұясы

Балалар ойнап жүріп, ағаштың ішінен бір құстың ұясын көрді. Бұл ұяның ішінде екі балапан отыр екен. Балалар балапанды алып үйіне әкелді.

Әкесі баласына айтты: «Бұл балапанды ұядан неге алдың,- деп.

- Шешесіз балапандар тұра алмайды: балаларынсыз шешесі қайғырады, далада құр өліп қалады ғой», - деді. Балалар балапанды аяп, ұясына апарып қойды.

С. Көбеев

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді. Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген. Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді. Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлттарып қаша берді, қаша берді. Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді. Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді. Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті. Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды. Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайына кетісті. Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

Шие тергенде

Әмина әже немерелері Жанат пен Қанатты ертіп, шие теруге орманға келді. Көп ұзамай-ақ бітік шиеге кезікті. Жанат терген шиесін қолындағы ыдысқа жинай берді. Қанат шиені тойғанша теріп жеп, сонан соң өз бетімен ойнап кетті. Таза ауада әрі жақсы демалып, әрі шиеге тойып, балалар үйлеріне көңілді оралды. Жанат жинаған шиесін атасына беріп жатып:

- Ата, мына шиені әдейі сіз жесін деп орманнан теріп әкелдім,- деді.

Көп жаса, Жанатжан! - деді атасы бір шиені аузына салып. Өскенде сен мені асырайды екенсің.

- Өзің де же, Жанат,- деді ол бір кезде.

- Ата, біз шиені орманда тойғанша жедік.

-«Ас иесімен тәтті» дейді. Сен көмектеспесең, жалғыз өзім тауыса алатын емеспін. Жанат шиені алып, бір-бірлеп аузына салды. Қанатжан, сен неге отырмайсың? - деді атасы босаға жақта тұрып қалған Қанатты көріп,

- Жанаттың шиесінен же. Қатты ұялған Қанат көзі жасаурап, үйден шығып кетеді.

М. Төрежанов

Құмырсқа мен көгершін

Бір күні құмырсқа шөлдеп, су ішуге өзенге түсті. Оны толқын соғып, суға кетіп қала жаздады. Сол мезгілде аузында тістеген бұтағы бар бір көгершін суға кетіп бара жатқан құмырсқаны көріп, бұтағын оның үстіне тастай берді. Құмырсқа бұтаққа жармасып, толқынмен судың шетіне шығып, ажалдан құтылды. Тағы бір күні манағы көгершін өзеннің жағасына қонып, бір аңшының құс аулауға құрып қойған ауының астындағы бидайды теріп жей бастады. Аңшы ауды басып қалып, көгершінді ұстап алуға даярланып тұрғанын құмырсқа көріп, өрмелеп келіп оның аяғын шағып алды. Аңшы ауды қоя бергенде, көгершін көтеріліп ұшып кетті. Жақсылыққа – жақсылық деген осы!

С. Көбеев

Өкпелеген үлесінен құр қалады

Қоян-ата көжектеріне көп сәбіз әкеп, бір-бірден бөліп берді. Ең кенжесі –сұр көжек:- Маған қотыр сәбіз бердің, жемеймін, - деп ұртын бұртитты. Жуантық түп жағында бұршақтың үлкендігіндей ғана екі-үш бұртігі бар сәбізді басқа бір көжек қағып алды да, бір-ақ асады. Сұр көжек аш қалды. Атасы оған: - Солай балам... «Өкпелеген үлесінен құр қалады», - деді.

М. Әлімбаев

Тіл алмаудың кесірі

Көктемнің алғашқы күндері. Түн суық. Күндіз күн көзі ашық болса, ауа жылынады. Бірақ түнгі ызғар түске дейін қайтпайды. Сәскеде ойнап келу үшін үйден шығып бара жатқан Жақанға анасы:

-Балам байқа көшеге жылы киініп шық, - деді.

-Күн ашық қой, апа, тоңбаймын,- деп, Жақан бетін тыржитып, иығын қиқаң еткізіп, үйден шығып кетті. Ол көшеге шыққанда ызғырық жел соғып тұр екен. Достарымен доп ойнап, терлеп-тепшіген Жақан, жел өтінде көп отырып қалып, өкпесіне суық тигенін ет қызумен байқамай қалды. Кешінде оның қызуы қатты көтерілді. Түні бойы ұйықтай алмады. Келесі күні ол ауруханаға түсті. Алма беті қызарып алауы басылар емес.

- Саған кеше жылы киініп жүр деп едім ғой,- деп, асыл ана оны аянышпен аймалап, көзіне жас алды.

- Апатай! Бұдан былай тіліңізді алып жүремін,- деп Жақан кешірім сұрады.

- «Кешігіп кешірім сұраудың не пайдасы бар? Тіл алмаудың

кесірінен ауырып қалдым» - деп ойлап, Жақан іштей өкініп жатыр.

Ә. Табылды

Бір атаның ұрпағы

Жер бетін теп-тегіс көмкеріп тастаған мамық Қар мақтанды.

-Мен ақпын, кіршіксіз ап-тазамын,-деп. Одан өзен-көлдерде айнадай жарқырап жатқан көгілдір Мұз да қалыспады:

-Мен мөп-мөлдірмін. Тұп-тұнықпын. – Сыңғырлай ағып жатқан Су бағанадан бері бұлардың сөзін тыңдап тұрған. Сөзге ол араласты.

-Қар, Мұз текке мақтанасыңдар. Біз бір атаның ұрпағымыз, - деді

-Қалайша?

-Жылы күнде менің үстімнен бу көтеріле ме?

-Иә, көтеріледі.

-Ендеше сол бу жаңбырға айналып жауған Қар сенсің. Ал, қыстың күні менің бетімде жалтырап Мұз қата ма?

-Қатады.

-Ол сенсің Мұз. Айналып келгенде бәріміз бір атаның ұрпағымыз.

Осыны ұмытпайық, ағайын. Қар мен Мұз оған ұялып, тіл қата алмады.

Е. Сәрсенбаев

Тәтті алма

Баян бақты аралап келе жатқан. Бір кезде алдына топ етіп алма түсті. Өзі қып-қызыл, үп-үлкен. Баян қуанып кетті, қызығып қолына алды. Дерев жемек болып аузына апара бергенде, алма оған:

– Баян, сен алдымен мені жу,– деді.

– Неге? – дейді Баян таңырқап.

– Жұмай жесең, ішің ауырады,– деді алма. – Міне, көрмейсің бе, үсті- басым шаң-тозаң. Баян ұялып қалды. Апасы да үнемі ас ішетін кезде:

«Қолыңды жу», – дейтін. Енді соны өзіне мына алма да айтып тұр. Баян ақылды алманың айтқанын жасады

М.Әбдірашева

ЕРТЕГІЛЕР

Түлкі мен құмыра

Бір әйел далаға егін ора келіп, құмыраны сүтімен шөптің арасына тығып қояды. Бұны түлкі көрді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын тығып, сүтті ішіп қояды. Енді түлкі құмырадан басын шығара алмай әлек болады.Түлкі. - Әу, құмыра! Біраз ойнадың, жетер, жібер менің басымды?- дейді. Қалай жұлқынса да басын шығара алмайды. Түлкі ашуланып:

- Қап, бәлем, тұра тұр, жақсылықпен қаламасаң, сені суға батырармын, – деп жүгіріп келіп, өзенге қойып кетіпті. Сөйтіп, құмырамен бірге өзі де батып кетсе керек

Арыстан күшігін асыраған мысық

Бір мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, емізіп, асырайды. Арыстан өсіп, азулы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халге жетеді. Бір күні ашыққан арыстан өзін асыраған мысықты жемекші болады. Мысық оның бұл ойын сезіп, өрмелеп, ағашқа шығып кетеді. Сонда арыстан тұрып:

- О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған анамдай ыстықсың. Бүкіл қылықтарды үйреткенде, ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің?-дейді. -Қысылғанда керек болар дегенім еді, - депті сонда мысық.

Не дәмді?

Бір бас қосқанда құстар мен хайуаннаттар нендей тамақтың дәмді екенін талқылапты. Сонда тауық:

-Ең дәмді тамақ - тары, -депті қыт-қыттап.

-Тапқан екенсің, дәмді тамақты! Кеміріп жейтін сүйекке не жетсін!- дейді ит абалап.

-Бәрің де білмейсің. Күтірлетіп жейтін сәбізден артық ештеңе жоқ,- дейді қоян, екі құлағын тікірейтіп.

-Жас шыбықтың қабығынан дәмді не болушы еді! – деп ешкі маңырапты.

-Шіркін қою сүтті айтсаңдаршы!- деп мысық тамсанады.

Сөйтіп әрқайсысы өзі сүйетін тағамды мақтап, қызыл кеңірдек болысып, бәтуаға келе алмай, тарасыпты.

Түлкі мен ешкі

